



СБЕРБАНК

**«РЕСЕЙ ЖИНАҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЕНШІЛЕС БАНКІНІҢ
(«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ)**

**ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
АЯСЫНДАҒЫ
20 000 000 000 теңге СОМАСЫНДАҒЫ
САНЫ 20 000 000 000 дана**

**АТАУЛЫ КУПОНДЫҚ ҚАМ СЫЗДАНДЫРЫЛМАҒАН
ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЕКІНШІ
ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ**

ПРОСПЕКТІСІ

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсыныстар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы екендігін және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылысуға әкеп соқтырмайтынын растайды.

Алматы қ.
2012 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «Ресей Жинақ банкі» Акционерлік қоғамы Еншілес банкінің (бұдан әрі - «Жинақ банкі» АҚ ЕБ) Екінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.
2. «Жинақ банкі» АҚ ЕБ облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер:

Екінші облигациялық бағдарлама мемлекеттік тіркеуге қойылған күн	2011 жылғы 23 маусым № Е01
Соның аясында облигация шығару жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көлемі:	100 000 000 000 (жүз миллиард) теңге
Облигация шығарылымының реттік нөмірі:	2 (екінші)
Екінші облигациялық бағдарламаның аясында бұрынғы облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялар саны, номиналды құны бойынша шығарылым көлемі және осы облигациялық бағдарлама аясында әр шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны көрсетіледі):	<p>Екінші облигациялық бағдарламаның аясында облигациялардың бірінші шығарылымы:</p> <p>Шығарылым нөмірі: №Е01-1;</p> <p>Шығарылым тіркелген күн: 2011 жылғы 13 желтоқсан;</p> <p>Облигациялар саны: 20 000 000 000,00 (жиырма миллиард) атаулы купондық шоғырландырылған облигациялар;</p> <p>Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі: 20 000 000 000,00 (жиырма миллиард) теңге</p> <p>Орналастырылған облигациялар саны: 10 000 000 000,00 (он миллиард) дана</p>
Облигациялық бағдарлама аясында бұрын шығарылған облигациялармен облигация ұстаушыларына берілетін құқықтар, оның ішінде шектеулер (ковенант) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар.	<p>Бұрын шығарылған облигациялар бойынша Ұстаушылар төмендегіге құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - облигациялар өтелген кезде номиналды құнын алуға; - Банктің атынан осы Проспектіде қарастырылған мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақы алуға; - облигацияларды еркін сатуға және басқа түрде иеліктен шығаруға; - заңнамада және облигациялар шығару проспектісінде қарастырылған тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыруға; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған ақпаратты белгіленген тәртіпте алуға; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Банкке қоятын өз талаптарын қанағаттандыруға; - облигацияларды иеленуге, пайдалануға және билеуге. <p>Банктің бұрын шығарылған облигациялары шегінде ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында қабылданған шектеулер (ковенанттар) бұзылмаған.</p>

3. Екінші облигациялық бағдарламаның аясындағы облигациялардың қамсыздандырылмаған екінші шығарылымының құрылымы:

1)	Облигациялардың түрі:	Атаулы купондық қамсыздандырылмаған
2)	Шығарылатын облигациялардың саны:	20 000 000 000 (жиырма миллиард) дана
	Облигация шығарылымының жалпы көлемі:	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге
3)	Бір облигацияның номиналды құны:	1,0 (бір) теңге
4)	Облигациялар бойынша сыйақы:	
	Сыйақы мөлшерлемесі:	Белгіленген сыйақы (купон) мөлшерлемесі облигациялардың номиналды құнының жылдық 6,25% (алты бүтін жүзден жиырма бес пайыз) мөлшерінде белгіленді.
	Сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары:	<p>Облигациялар бойынша сыйақы есептеу айналым басталған күннен бастап жүзеге асырылады. Айналым басталған күн – облигациялар шығарылымы мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу жыл сайын өтеу мерзіміне дейін тиісінше айналым басталған күннен бастап әрбір алты айдан соң жылына екі рет жүргізіледі.</p> <p>Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу тізілім тіркелгеннен кейінгі келесі күннен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде ақшаны купондық сыйақыны төлеу үшін облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына аудару арқылы төленеді.</p> <p>Тізілім тіркелген күн – төлем жасалатын кезеңнің соңғы күні.</p> <p>Купондық сыйақыны алу құқығы төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күні басталғандағы жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізіліміне тіркелген тұлғаларға беріледі.</p> <p>Егер облигация ұстаушылары Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, онда купондық сыйақыны төлеу банктік шоты болған кезде Қазақстан Республикасы аумағында теңгеде жүргізіледі. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордан тиісті сұраным алған кезде осы төлем жасалатын күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілуі мүмкін. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p>
	Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Банк облигациялар бойынша купондық сыйақы есебін 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақытша база есебінен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізеді.

	Индекстелген облигациялар шығарылымы кезіндегі есеп айырысу тәртібі:	Облигациялардың осы шығарылымы индекстелмеген.
5)	Облигациялардың айналымы және оларды өтеу туралы мәліметтер:	
	Айналым мерзімі:	Облигациялардың айналым мерзімі - айналым басталған күннен бастап 5 (бес) жыл . Айналым басталған күн – облигациялар шығарылымы мемлекеттік тіркелген күннен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң. Орналастыру басталған күн – айналым басталған күннен бастап, айналымның барлық мерзімі бойы.
	Облигацияларды өтеу талаптары мен тәсілі:	Облигациялар олардың номиналдық құны бойынша төлем жасалатын кезеңнің соңғы күнінен басталатын жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларының ағымдағы шотына ақша аудару арқылы соңғы купондық сыйақы бір мезгілде төлене отырып, облигациялардың соңғы айналым күнінен кейінгі келесі 10 күнтізбелік күннің ішінде теңгеде өтеледі. Егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, негізгі қарыз сомасы мен купондық сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған кезде теңгеде төленетін болады. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордан тиісті сұраным алған кезде осы төлем жасалатын күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілуі мүмкін. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі. Банктің кінәсінен облигациялар бойынша және/немесе облигациялардың оларды өтеу кезіндегі номиналды құны бойынша сыйақы төленбеген, сондай-ақ толық төленбеген жағдайда, Банк облигация ұстаушыларына облигациялар және/немесе купондық сыйақы бойынша негізгі қарыз сомасын және мерзімі өткен әр күн үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттеме немесе оның тиісті бөлігі орындалатын күнгі қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесіне байланысты есептелетін өсімді төлеуге міндетті.
	Облигацияларды өтеу күні:	Облигацияларды өтеу облигациялар айналымы басталған күннен бастап 5 (бес) жылдан соң жүргізіледі.
	Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын:	Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын - «Жинақ банкі» АҚ ЕБ: Алматы қ., Гоголь/Қалдаяқов к., 30/26
б)	Облигациялар бойынша қамсыздандыру:	Облигациялардың осы шығарылымы қамсыздандырылмаған.

7)	Облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер:	«BCC Invest» АҚ, номиналды ұстаушы ретінде бағалы қағаздар нарығында клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және делдалдық қызметпен айналысуға Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен берілген, мекенжайы: 050022, Алматы қ., Сейфуллин даңғ., 597, 3 қабат (заңды)/ Алматы қ., Шевченко к., 100, 5 қабат (нақты), телефоны (+7) (727) 244-32-32, факс (+7) (727) 244-32-31, 31.07.2006 жылғы мемлекеттік лицензиясының № 0401201249. 2012 жылғы 03 қыркүйектегі №н/с Облигация ұстаушылары өкілінің қызмет көрсетуі туралы шарт
8)	Тіркеуші туралы мәліметтер:	«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ, мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғ., 141. Басқарма төрағасы Кайрат Тлеугазинович Жакупов. 2012 жылғы 27 қыркүйектегі № 00123-АО Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу шарты.
9)	Облигациялар орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:	Облигациялар орналастыруды Банк өз алдына және «Үштік Диалог Қазақстан» АҚ бірлескен андеррайтерді тарту арқылы жүзеге асырады, 26.08.2008 жылғы брокерлік және делдалдық қызметпен айналысуға лицензиясының №0403201015, тұратын мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Төле би к., 101, 5 қабат, Блок Б, телефоны (+7) (727) 355-33-55, 355-33-56 (факс). 2012 жылғы 27 қыркүйектегі № 12/10-2 Жылдың қазан айында борыштық құралдарды алғашқы орналастыру шегінде бірлескен андеррайтер қызметін көрсету туралы эмиссиялық консорциум шарты.
10)	Төлем агенті туралы мәліметтер:	Купондық сыйақы мен номиналды құнды төлеуді Банк өз алдына жүзеге асырады.
11)	Облигация ұстаушыларының құқықтары Эмитенттен облигацияларды	Облигация ұстаушылары: - облигацияны өтеген кезде номиналды құнын алуға; - Банктен осы Проспектіде қарастырылған мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақыны алуға; - облигацияларды еркін сатуға және басқа түрде иелігінен шығаруға; - заңнамада және облигациялар шығарылымы проспектісінде қарастырылған тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыруға; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ақпаратты белгіленген тәртіпте алуға; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда және тәртіпте Банкке қойған өз талаптарын қанағаттандыруға; - облигацияларды иеленуге, пайдалануға және билеуге құқылы. Облигациялардың осы шығарылымын сатып алуды талап ету құқығы қарастырылмаған. Облигация ұстаушылары Банк облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу мерзімін 10 жұмыс күнінен астам бұзған жағдайда, сондай-ақ

<p>мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы</p>	<p>осы Проспектінің 3-2 тармағында көрсетілген белгіленген шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда, Банктен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап етуге құқылы.</p> <p>Банк облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу мерзімін 10 жұмыс күнінен астам бұзған жағдайда, инвестор көрсетілген оқиға басталған күннен бастап, 30 күнтізбелік күннің ішінде Банктің мекенжайына оған тиесілі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша өтініш жіберуге құқылы.</p> <p>Облигация ұстаушысының өтінішін Банк өтінішті алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қарастырады.</p> <p>Банк облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді Банктің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешім қабылдаған соң жүзеге асырады. Банктің Директорлар кеңесінің шешімі оны қабылдаған күннен бастап, 5 жұмыс күні ішінде ақпаратты www.sberbank.kz сайтында, басқа бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында орналастыру арқылы облигация ұстаушысына жеткізіледі.</p> <p>Банк белгіленген шектеулерді (ковенант) бұзған жағдайда, мерзімінен бұрын өтеу осы Проспектінің 3-2 тармағына сәйкес жүзеге асырылады.</p>
<p>Облигациялар сатып алу:</p>	<p>Банк Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, облигациялар айналымға түскен барлық мерзімі ішінде өз облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуға және сатуға құқылы. Мәміленің мерзімі мен бағасы мәміле жасалған сәтте туындаған нарықтық талаптарға қарай анықталады. Ақшаны төлеу және/немесе қайтару осы облигацияларды сатушылардың шотына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз түрде жүзеге асырылады.</p> <p>Банктің облигацияларды сатып алуы басқа облигация ұстаушыларының құқықтарын бұзбауы тиіс.</p>
<p>«Бағалы қағаздар нарығы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 18-4 бабында қарастырылған жағдайларда, Эмитенттің орналастырылған облигацияларын сатып алу тәртібі</p>	<p>Орналастырылған облигацияларды сатып алуды Банк келесі жағдайларда жүргізуі мүмкін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Банктің Директорлар кеңесі облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаса; 2) тізбесі уәкілетті органның нормативтік- құқықтық актілерінде және қор биржасының ішкі құжаттарында анықталған ақпаратты қор биржасының ұсынуы туралы арнайы талаптардың (листингтік) орындалмау себептері бойынша Банк облигацияларының делистингі туралы қор биржасы шешім қабылдаса; 3) Банк бұрынғы облигация ұстаушысының өкілімен жасалған шарт бұзылған немесе күші тоқтатылған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен асатын

		<p>мерзімде облигация ұстаушыларының өкілдерімен шарт жасамаса.</p> <p>4) осы Проспектінің 3-2 тармағында көрсетілген белгіленген шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда.</p> <p>Банк орналастырылған Облигацияларды жиналып қалған сыйақыны ескере отырып облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қай көлемі анағұрлым жоғары болуына қарай облигациялардың әділ нарық бағасы бойынша сатып алуға міндетті.</p>
11-1)	Төмендегі жағдайлар орнаған кезде дефолт жариялануы мүмкін:	<p>Банктің облигациялары бойынша дефолт – бұл осы проспектіде белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеу мерзімі аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап есептелетін 10 күнтізбелік күн ішінде облигациялар бойынша сыйақының (купонды) және/немесе номиналды құнының төленбеуі немесе толық төленбеуі.</p> <p>Банктің кінәсінен осы проспектіде белгіленген мерзімде облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе негізгі қарыз төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Банк шығарылым облигацияларының ұстаушыларына ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне (яғни төлем жасалатын кезеңнің соңғы күніне кейінгі келесі күнге) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерінің есебінен мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін өсімпұл төлейді.</p> <p>Инвестор облигациялар бойынша дефолт басталған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, осы облигациялар бойынша қарызды талап етуге құқылы.</p> <p>Банк өзінің міндеттемелері бойынша дефолтқа жол бермеу мақсатында, барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және бүкіл қажетті шараларды қабылдайды.</p> <p>Банк облигациялар бойынша дефолт басталған кезде дефолт тудыратын себептерді жою үшін барлық күшін салады, оның ішінде, төмендегідей шаралар қабылдайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) болған жағдайда Банктің өтімділігін тиімді басқару бойынша; 2) депозиттердің жылыстауына жол бермеу бойынша; 3) берілген несиелердің қайтарымдылығын қамтамасыз ету мақсатында кредиттік портфельді оңтайландыру бойынша; 4) Банк міндеттемелерін одан әрі орындау үшін жеткілікті өтімділік деңгейін қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларды орындау бойынша; 5) басталған оқиғаларға байланысты басқа да шаралар.
	Міндеттемелерді қайта құрылымдастыру тәртібі мен талаптары	Банк міндеттемелерін қайта құрылымдастыру туралы шешім ҚР қабылданатын заңнамаға сәйкес Эмитенттің Директор кеңесімен және

		<p>кредиторлардың келісімімен қабылданады. Міндеттемелерді қайта құрылымдастыру тәртібі мен талаптарын Эмитент облигация ұстаушыларымен облигациялар бойынша дефолт басталған кезде облигация ұстаушының өкілінің міндетті түрде қатысуымен келіссөз жүргізу арқылы жүзеге асырады.</p>
12)	Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу	<p>Банк облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге құқылы.</p> <p>Облигациялар мерзімінен бұрын облигация айналымға түскен күннен бастап 2 (екі) жыл өткен соң өтелуі мүмкін. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу облигациялардың номиналды құнын және соңғы жинақталған купондық сыйақыны төлеу үшін тізілім тіркелгеннен кейінгі күннен бастап 10 күнтізбелік күннің ішінде инвестордың ағымдағы шотына ақшаны аудару арқылы бір мезгілде соңғы жинақталған купондық сыйақыны төлей отырып, номиналды құны бойынша теңгеде жүзеге асырылады. Мерзімінен бұрын өтеу кезінде төлем жасалатын кезеңнің соңғы күні басталғандағы жағдай бойынша облигация ұстаушысының тізілімінде тіркелген тұлға номиналды құнды және тиісті купондық сыйақыны алуға құқылы.</p> <p>Банктің Директорлар кеңесі облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы шешім қабылдаған кезде Банк осы процедура өткізілген күнге дейін 30 күн бұрын осы облигациялардың ұстаушыларына облигацияларды өтеу талаптары, мерзімдері және тәртібі туралы «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында хабарлау және бұқаралық ақпарат құралдарында («Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде) жариялау арқылы хабарлайды.</p> <p>Егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордан тиісті сұраным алған кезде осы төлем жасалатын күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілуі мүмкін. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p>
12-1)	Облигация ұстаушылары Эмитентінің өз қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат беру тәртібі:	<p>Банк өзінің инвесторларына өз қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпаратты келесі бұқаралық ақпарат құралдары: «Казахстанская правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» арқылы жеткізеді. Бұдан басқа, Банк өз қызметі туралы ақпаратты www.sberbank.kz Интернет желісіндегі web-сайтында, сонымен қатар, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның www.kase.kz және Қаржылық есеп депозитарийінің dfo.kz ресми сайтында жариялауға құқылы.</p>
13)	Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:	<p><u>Мақсаты:</u> Банк облигациялар шығарылымын ұзақ мерзімді өтімділікті қолдау үшін ресурстарды ұзақ мерзімге тарту мақсатында жүзеге асырады.</p>

		<p>Тәртібі: Облигация орналастырудан алынған ақша нақты экономика секторының шағын және орта бизнесті кредиттеу, ірі кәсіпорындарды кредиттеу, сонымен қатар, кредиттеу бағдарламасын іске асыру арқылы инвестициялық жобаларды ұзақ мерзімді кредиттеу және Банк ұсынатын қызмет ауқымын кеңейту саласындағы Банктің қызметін жандандыруға жұмсалатын болады, бұл белсенді операцияларды, сондай-ақ қор көздерін де барынша түрлендіруге мүмкіндік береді.</p> <p>Банк облигация орналастырудан алынған ақшаны бөлу тәртібіне өзгеріс енгізуді жоспарламайды.</p>
3-1.	Эмитенттің сыйақы төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражаттарының көздері мен ағыстарының болжамы.	Есептер Проспектінің №1 Қосымшасында келтірілген.
3-2.	Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттер) (егер бұл Эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімінде қарастырылса).	<p>Облигациялардың қандай да бір шығарылымына қатысты сол бойынша төлем мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен асып кеткен жағдайда, кез келген сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелердің орындалмауына жол берілмейді.</p> <p>Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шарттарда белгіленген жылдық және қаржылық аралық есептерді беру мерзімінің бұзылуына жол берілмейді;</p> <p>Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листингтік шарттарда белгіленген Банктің жылдық қаржылық есебі бойынша аудиторлық есеп беру мерзімінің бұзылуына жол берілмейді, бұл аудиторлық есеп беру мерзімінің бұзылу себебіне аудиторлық компания кінәлі болған жағдайдан басқа кезде.</p> <p>Банк бір немесе бірнеше Ковенанттарды бұзған жағдайда, 10 (он) жұмыс күні ішінде барлық Облигация ұстаушыларына осы оқиғаның басталғаны туралы жазбаша түрде немесе оқиғаны Банктің ішкі нормативтік құжаттарында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелерінде белгіленген тәртіпте, Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайттарында хабарды орналастыру арқылы хабарлайды.</p> <p>Эмитент Облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, белгіленген Ковенанттардың бұзылуына әкеп соқтырған себептерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және Эмитенттің уәкілетті органының тиісті шешімімен бекітіледі. Эмитент бір немесе барлық Ковенанттар бұзылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннің ішінде осы бұзылымға әкеп соқтырған себептерді жоюға болатын барлық шараларды қабылдауға міндетті («Ковенанттарды кейінге қалдыру кезеңі»).</p> <p>Егер Банк Ковенанттарды кейінге қалдыру кезеңінен кейін белгіленген шектеулер (ковенанттар) бұзылымын жоймаса, егер басқасы Банк пен Облигация ұстаушылары арасында келісілмесе,</p>

		Облигация ұстаушылары осындай талап қойылған күннен бастап есептелетін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, айналымдағы барлық Облигациялар бойынша осы Проспектінің тиісті тармақтарында көрсетілгендей сатып алу немесе мерзімінен бұрын өтеу күнгі жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, Облигацияларды номиналды құны бойынша сатып алуды немесе мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқылы.
4.	Опциондар туралы ақпарат:	Облигациялардың осы шығарылымы бойынша опциондар қарастырылмаған.
5.	Айырбасталатын облигациялар:	Облигациялардың осы шығарылымы айырбасталмайды.
6.	Облигацияларды орналастыру тәсілі:	
1)	Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:	Облигациялар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да аукцион немесе арнайы сауда-саттық өткізу арқылы барлық айналым мерзімі ішінде орналастырылады. Облигациялар ақшамен төленеді.
2)	Жазба жүргізу арқылы акцияға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезінде айырбастау талаптары көрсетіледі:	Облигациялардың осы шығарылымы айырбасталмайды.
3)	Облигациялардың төлем тәртібі мен талаптары:	Облигацияларды орналастыру бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында жүргізіледі. Облигацияларға төлем сауда-саттық ұйымдастырушының және «Құнды қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Облигацияларға ақшамен ғана төлем жасалады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Басқарма Төрағасы



А.И. Камалов

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Бас бухгалтері м.а.



М.М. Чарапиева

3-1. Эмитенттің сыйақы төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражаттарының ағыстары және төлем көздерінің болжамы

2013 жыл мен 2014 жыл аралығындағы ақша қаражаттары ағысының болжамы Банктің бекітілген даму стратегиясы негізінде құрылды, 2019 жылға дейінгі болжам Банк стратегияда пайдаланылатын Банк активтерінің қарқынды өсу динамикасы негізінде жасалды.

	млн.тенге													
	1 жарты-жылдық 2013 ж.	2 жарты-жылдық 2013 ж.	1 жарты-жылдық 2014 ж.	2 жарты-жылдық 2014 ж.	1 жарты-жылдық 2015 ж.	2 жарты-жылдық 2015 ж.	1 жарты-жылдық 2016 ж.	2 жарты-жылдық 2016 ж.	1 жарты-жылдық 2017 ж.	2 жарты-жылдық 2017 ж.	1 жарты-жылдық 2018 ж.	2 жарты-жылдық 2018 ж.	1 жарты-жылдық 2019 ж.	2 жарты-жылдық 2019 ж.
Бағалы қағаздар	3 240	3 960	3 564	4 356	7 841	9 583	4 704	5 750	2 587	3 162	3 105	3 795	3 726	4 554
БАК	4 500	5 500	0	0	2 700	3 300	1 620	1 980	604	738	724	885	869	1 063
Бағалы қағаздарды орналастыру/өтеу: оның ішінде	1 800	1 800	1 800	2 288	2 450	2 613	2 775	2 938	3 100	3 263	2 575	2 738	2 900	2 363
<i>2 обл бағдарлама бойынша шығарылымдар</i>				488	650	813	975	1 138	1 300	1 463	1 625	1 788	1 950	2 113
<i>2 обл бағдарламаның 2 шығарылымы</i>	625	625	625	625	625	625	625	625	625	625				
<i>2 обл бағдарламаның 1 шығарылымы</i>	700	700	700	700	700	700	700	700	700	700	700	700	700	700
<i>1 обл бағдарламаның 1 шығарылымы</i>	225	225	225	225	225	225	225	225	225	225				
<i>1 обл бағдарламаның 2 шығарылымы</i>	250	250	250	250	250	250	250	250	250	250	250	250	250	250
Реттелген заемды өтеу										25 000			10 000	5 000
Кредиттер (нетто)	110 210	125 257	126 569	153 585	91 004	110 116	67 714	81 650	52 032	62 484	59 262	72 431	68 151	83 296
Барлық шығатын ақша	119 750	136 517	131 933	160 228	103 994	125 611	76 813	92 318	58 323	94 647	65 666	79 849	85 647	96 275
Депозиттер	87 080	106 432	111 161	135 863	83 316	101 831	49 990	61 098	27 494	33 604	32 993	40 325	39 592	48 390
БАД			4 500	5 500	460	562	469	573	872	1 066	1 046	1 279	1 256	1 535
Банктің меншік облигацияларын орналастыру	20 000		15 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000	5 000
Пайда	8 523	10 417	12 809	15 655	18 203	22 249	21 642	26 452	23 318	28 500	27 981	34 199	33 578	41 039
Қос. капитализация		15 000												
Барлық түсетін ақша	115 603	131 849	143 469	162 018	106 979	129 641	77 100	93 123	56 684	68 169	67 021	80 803	79 425	95 964
Кезең басындағы кэш	30 000	25 853	21 184	32 720	34 510	37 494	41 524	41 811	42 616	40 977	14 500	15 854	16 808	10 586
Кезең соңындағы кэш	25 853	21 184	32 720	34 510	37 494	41 524	41 811	42 616	40 977	14 500	15 854	16 808	10 586	10 275

